**Шардара ауданы білім бөлімінің**
**«Алтын білім» бөбекжай балабақшасы**
**Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.**

**Бекітемін:**
**«Алтын білім» бөбекжай балабақшасы**
**меңгерушісі:_______________А.Кокиш**

# Педагогикалық кеңес Хаттамасы

**2024-2025 оқу жылы.**

**Педагогикалық кеңестің**
**№1 хаттамасы**

29.08.2024ж
Қатысқандар-10
Қатыспағаны -0

**Меңгеруші:Кокишева Айнұр Алихановна**
**Әдіскер:Таласова Майра Анатолийқызы**
**Психолог:Сарманова Алия Пердебаевна**
**Тәрбиеші:Әбдіраман Айгерім Әбитқызы**
**Тәрбиеші:Қожамқұл Қасиет Әліқызы**
**Тәрбиеші:Ауелханова Жанар Меделханқызы**
**Тәрбиеші:Алиева Асель Абдиахаповна**
**Тәрбиеші:Қуатовна Гулмира Нуралиевна**
**Тәрбиеші: Рисмухамедова Гулжамал Тангировна**
**Тәрбиеші: Сатимова Мавлуда Бахтиеровна**

**Тақырыбы**: «2024-2025 жаңа оқу жылына дайындық жұмыстары».

**Күн тәртібінде:**

1. Жаңа оқу жылының педагогикалық кеңестің төрайымы және хатшысын сайлау.
2.Талдау «Жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларының қорытындысы»
3.Нормативтік құжаттармен таныстыру (Әдістемелік хат; стандарт пен бағдарлама).
Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2024 - 2025оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатымен таныстыру.
4. 2024-2025 оқу жылының жылдық жоспарын бекіту, оқу жоспары, күн тәртібі, ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесін бекіту.

**5.2024-2025 оқу жылдарындағы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасынының» нұсқаулығымен балабақша жоспарды бекіту.**

6. Топтарға жауапты тәрбиешілер бекіту.
7.Аттестаттау комиссиясының құрамын сайлау және бекіту.

**Тыңдалды:** Балабақша меңгерушісі Кокишева Айнұр Алихановна сөз алды. Бақша педагогтарды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтай отырып, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды. Педагогикалық кеңестің құрамына білім беру ұйымының басшысы (төраға), әдіскер, педагогтар, тәрбиешілер, психолог кіретіндігін айтты. Сонымен қатар, педагогикалық кеңестің өз құрамынан 1 жылдық мерзімге хатшы сайлау керектігін айта отырып 2023-2024оқу жылында педагогикалық кеңестің хатшысы болып Ауелханова Жанар Меделханқызы сайланғандығын естеріне түсіріп өтті. Биылғы оқу жылында хатшыға Сарманова Алия Пердебаевнаны ұсынатынын айтты.

2024-2025 оқу жылында педагогикалық кеңестің хатшысы болып осы аталған

қызметкерлер кеңес хаттамасын сауатты жүргізіп, баяндама, хабарламашылардың материалдарын өз уақытында жинақтап отырғандығын айта отырып қайта сайлауды ұсынды. Педагогикалық кеңес құрамы бір ауыздан хатшы ретінде психолог Сарманава Алия Пердебаевна сайлады.

Және де биылғы оку жылында педагогтарымыз шығармашылық еңбегінің арқасында бірталай жетістіктерге ие болды. Біздің педагогтар біліктілік санатын алды, табыстауға рұқсат етіңіздер.

Педагог-модератор санатымен : Таласова Майра Анатолийқызы
Сатимова Мавлуда Бахтиеровна
Куатова Гулмира Нуралиевна
Педагог-сарапшы санатымен: Рисмухамедова Гулжамал Тангировна
Алиева Асель Абдиахаповна марапаттарын табыстап, ұжымға жаңа оқу жылына толағай табыстар тіледі.

**Екінші сұрақ бойынша**:Балабақша әдіскері: М.Таласова - биылғы жазғы сауықтыру-шынықтыру шаралары ойдағыдай өтті. Жоспардағы барлық іс-шаралар орындалды. Жазда денсаулықты нығайту мақсатында спорттық шаралар көптеп өткізілді. Көп уақытты балалар таза ауада өткізді. Таңғы жаттығу, құм терапиясы, веласипед тебу, балалардың физикалық дене қимыл-қозғалыстарын нығайту мақстында күнделікті жаттығулар жасалды. Балабақшамызда жаз мезгіліне дұрыс жасалған күн режимі мен жақсы жолға қойылған балалардың күтімі баланы балабақшада өзін жайлы сезінуіне мүмкіндік берді. Балалар су терапиясы, құм терапиясы, музыка терапиясы бойынша тәрбиешілер психолог жоспары мен бірлесе іс-шаралар атқарылды.

Жаз мезгілінде балаларды сауықтыру жүйесіне баса назар аударылды, ол мыналарды қамтыды:

-балалармен дене шынықтыру-сауықтыру (таңертеңгі жаттығу, спорттық және қимылды ойындар, дене жаттығулары, дене шынықтыру мерекелері мен сауық кештер) жұмыстарын;

-пайдалы тамақтану (жемістер мен көкөністер, шырындар, дәрілік шөптерден жасалған шай және т. б.) рационын; - бала ағзасын шынықтыру (күн сәулесі және ауа ванналары, шөптің үстінде жалаң аяқ жүру, шомылу және т. б.);

- балалар туризмі (жаяу, велосипедпен), экскурсиялар, табиғатта серуендеу және т.б.).

- мерекелік шаралар; -балаларды сауықтыру бойынша ата-аналармен (заңды өкілдермен) жүргізілетін ағарту жұмыстарын; профилактикалық іс-шараларды (сколиоз, жалпақ табан, көру қабілетінің бұзылуының алдын алуға арналған арнайы жаттығулар кешені) қамтылды деп айтып өтті.

Балалардың денсаулығын нығайту, жарақаттануына жол бермеу жұмыстары сақталы отырылды. Балалардың жұмыс жасау қабілетін жалықтырып шаршатып алмау үшін де, тәрбиешілер жұмыс жоспарын қызықты етіп жоспарлады. Ертеңгілік қойылымдар қойылды, спорттық сайыстар ұйымдастырылды. Барлық іс-шаралар методикалық талапқа сай өтті деп ойлаймын.

**Үшінші сұрақ бойынша**: ***Балабақшаның жаңа 2024-2025оқу жылына дайындығы.***

***Балабақша меңгерушісі: Кокишева Айнұр ханым сөз алды.***

2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары (бұдан әрі - МДҰ) мен жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың меншік түрлері мен нысанына, ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат (бұдан әрі - Әдістемелік нұсқау хат) қолданыстағы

заңнама нормаларын сақтау, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын (бұдан әрі - Стандарт), Үлгілік оқу жоспарларын (бұдан әрі – Үлгілік жоспарлар), Үлгілік оқу бағдарламасын (бұдан әрі – Үлгілік бағдарлама) іске асыруға бірыңғай тәсілдерді қалыптастыру мақсатында әзірленді.

**Әдістемелік нұсқау хатта:**

- тәрбиелеу-білім беру процесін реттейтін негізгі нормативтік құжаттарды қолдану (сілтемелер);
- тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру;
- балаларға қазақ тілін үйрету;
- вариативтік білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру;
- экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру;
- мерекелік шараларды ұйымдастыру;
- мектепалды даярлықты ұйымдастыру;
- «Балақайлар мектебі» бағдарламасы бойынша қысқа мерзімді мектепалды даярлықты ұйымдастыру;
- ата-аналарға арналған консультациялық пункттердің жұмысын ұйымдастыру бойынша ұсынымдар қамтылған.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда әрбір балаға қолайлы, әрі қауіпсіз орта құру басты назарда болуы тиіс екендігін айтып өтті.

**Тыңдалды: Әдіскер:Таласова Майра Анатолийқызы**

«Алтын білім» бөбекжай балабақшасының 2024-2025 оқу жылының жылдық жоспарын бекіту, оқу жоспарын, күн тәртібі, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесінің құрылуы барлығы 2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары (бұдан әрі - МДҰ) мен жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың меншік түрлері мен нысанына, ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат (бұдан әрі - Әдістемелік нұсқау хат) қолданыстағы заңнама нормаларын сақтау, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын (бұдан әрі - Стандарт), Үлгілік оқу жоспарларын (бұдан әрі – Үлгілік жоспарлар), Үлгілік оқу бағдарламасын (бұдан әрі – Үлгілік бағдарлама) басшылыққа ала отырып жоспарлар, перспектива, циклограмма, күн тәртібі т.б жоспарлар құрылатынын айтты. Және тәрбиелеу білім-беру процесінің жоспарлары 1- қыркүйекке дейін бекітіліп, жұмысқа кірісу үшін жұмыстар жүргізілу керек екендігін тәрбиешілерге айтып өтті.

**Тыңдалды:** Бесінші мәселе бойынша әдіскер тәрбиеші Сатимова Мавлуда Бахтиеровнага сөз берді.

**(Баяндама)** «Біртұтас тәрбие бағдарламасы, балабақшада»

Ұлттық құндылықтар — бұл әрбір халықтың рухани және мәдени мұрасы, оның тарихы мен тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері, тілдік ерекшеліктері, өнері мен әдебиеті. халықтың дүниетанымын, өмір сүру салтын, рухани байлығын көрсетеді.Ұлттық құндылықтардың дамуы баланың болашақта өз халқының патриоты, мәдениеті мен тарихын құрметтейтін азамат болып өсуіне жол ашады.

**Ұлттық құндылықтар мен тәрбие бағдарламасының негізі**

Ұлттық құндылықтар — әр халықтың мәдениетінің негізі болып табылатын, ғасырлар бойы қалыптасқан нормалар, дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, тілі мен діні, өнері мен ғылымы, адамгершілік қағидалары. Балабақшада осы құндылықтарды балалардың бойына сіңіру, олардың ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілігін қалыптастыру үшін тәрбие бағдарламасы біртұтас әрі жүйелі түрде жүргізілуі қажет. Балабақшадағы тәрбие бағдарламасында ұлттық құндылықтарды дамыту үшін төмендегі бағыттар бойынша жұмыстар жүргізіледі:

2. **Тіл мен мәдениетке деген сүйіспеншілік**

Қазақ тілі — қазақ халқының мәдениеті мен тарихының негізгі құралы болып табылады. Тіл арқылы балалар ұлттық құндылықтарды игеріп, ұлттық әдебиетпен танысады, өз халқының тарихын біледі. Тілдік ойындар, ертегілер, өлеңдер мен жұмбақтар, халық әндері мен күйлері балалардың санасына қазақ халқының бай мәдениетін жеткізеді. Балабақшадағы тәрбиешілер мен мұғалімдер қазақ тілін еркін меңгерген, ұлттық құндылықтарды қадірлейтін тұлғалар болуы тиіс.

3. **Дәстүр мен әдет-ғұрыптар**

Қазақ халқының бай дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары баланың дүниетанымын кеңейтіп, ата-баба мұрасына деген құрметін қалыптастырады. Балабақшада ұлттық ойындар мен мерекелерді өткізу, қазақтың ұлттық тағамдары мен қолөнерін таныстыру, салт-дәстүрлер туралы әңгімелер жүргізу — мұның бәрі ұлттық құндылықтарды дамытуға септігін тигізеді.

4. **Әдеп пен адамгершілік тәрбиесі**

Ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың маңызды бөлігі — балаларға адамгершілік пен әдептілік туралы тәрбие беру. Қазақ халқының өзара көмек көрсету, үлкенді сыйлау, кішіге ізет көрсету сияқты ұлттық құндылықтары балабақшада күнделікті тәрбие барысында жүзеге асырылады. Балалар бір-біріне қамқор болып, дұрыс қарым-қатынас жасау арқылы ұлттық мораль мен адамгершілік негіздерін игереді.

5. **Көркем өнер мен музыка арқылы ұлттық тәрбие**

Қазақтың музыкалық мұрасы, ұлттық өнері мен қолөнері балалардың шығармашылық дамуына және ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілігін арттыруға зор әсер етеді. Балабақшада балаларға қазақтың ұлттық әндері, күйлері мен би өнерін үйрету, сондай-ақ қолөнермен таныстыру, қазақтың ұлттық киімдерін көрсету сияқты іс-шаралар балалардың өнерге деген қызығушылығын оятып, ұлттық құндылықтарды игеруге мүмкіндік береді.

6. **Экологиялық тәрбие мен табиғатпен байланыс**

Қазақ халқының табиғатқа деген ерекше қатынасы да ұлттық құндылықтардың бір бөлігі болып табылады. Балабақшада балаларды табиғатпен таныстыру, оны сүю мен қорғау, қазақтың табиғатпен үндес өмір салты туралы айту маңызды. Жер-анаға деген құрметті қалыптастыру, ұлттық табиғатқа тән құндылықтар мен әдет-ғұрыптарды балаларға түсіндіру олардың экологиялық санасының дамуына ықпал етеді.

7. **Ұлттық құндылықтар мен заманауи білімнің үйлесімділігі**

Ұлттық құндылықтарды дамытудың маңызды аспектісі — заманауи білім мен технологияларды ұлттық тәрбиемен үйлестіру. Балабақшадағы тәрбие бағдарламасы балалардың тұлғалық дамуын, шығармашылық қабілеттерін, ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған, бірақ сонымен бірге олардың ұлттық мәдениетке деген құрметін қалыптастыруды мақсат етеді.

**Ұлттық құндылықтарды дамытудағы тәрбиешінің рөлі**

Тәрбиешінің рөлі өте маңызды. Балабақша тәрбиешілері тек балаларға білім беру ғана емес, олардың ішкі дүниесін қалыптастырып, жан-жақты дамуына мүмкіндік туғызады. Ұлттық құндылықтарды ұғындыруда тәрбиешінің өз халқының мәдениеті мен дәстүрін білуі, оны балаларға дұрыс жеткізе білуі керек. Сонымен қатар, тәрбиеші балалармен ұлттық дәстүрлерді ұстану, халық әндері мен күйлерін тыңдату арқылы қазақ халқының бай мұрасын жаңғыртып, баланың ұлттық сана-сезімін қалыптастыруға ықпал етеді.

Балабақшада біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша ұлттық құндылықтарды дамыту — болашақ ұрпақтың санасына ұлттық мәдениетіміздің құндылықтарын сіңіру үшін маңызды қадам. Осы арқылы балалардың ұлттық рухы мен ұлттық сана-сезімі қалыптасып, өз халқының тарихы мен дәстүрлерін құрметтейтін азаматтар өсіп жетіледі. Бұл процессте тәрбиешілер мен ұстаздардың рөлі зор, өйткені олар балаларға ұлттық құндылықтарды тек білім беру арқылы емес, жүректеріне жеткізу арқылы танытады деп сөзін қорытындылады.

**Сөйледі:** Әдіскер Таласова **«Бір тұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асырудағы басты мақсатымыз бұл**-Мектеп жасына дейінгі балаларды Ұлттық құндылықтармен рухани адамгершілік тәрбие үдерісін дұрыс ұйымдастыру нәтижесінде рухани бай, дамыған жеке тұлға тәрбиелеу. Осы ба,дарламаны іске асыру мақсатында жоспарлар түзіліп, іс-шаралар, байқаулар, челленджер т.б ұлттық ойындар, сонымен қатар ұйымдастырылған іс-әрекетте де кіріктіріліп қолға алынып жұмыстар оқу жылының басынан басталатынын айтып өтті.

***Тыңдалды: Алтыншы мәселе бойынша бақша*** меңгерушісі Айнур Алихановна топ

жасақтау бойынша Негізгі нормативтік құжаттар яғни ҚР №385 бұйрығын негізге ала отырып жас ерекшеліктерін ескеріп топ жасақталғанын, және жауапты тәрбиешілерді айтып өтті.

2024-2025 жылында 7 топ жасақталды:

| № | Топ атауы | Педагог аты-жөні | Бала саны |
|---|---|---|---|
| 1 | «Балауса» кіші топ | Алиева А.А. | 20 |
| 2 | «Қарлығаш» кіші топ | Куатова Г.Н | 20 |
| 3 | «Балбөбек» ортаңғы топ | Рисмухамедова Г.Т. | 25 |
| 4 | «Балдырған» ортаңғы топ | Ауелханова Ж.М. | 25 |
| 5 | «Айгөлек» ересек топ | Әбдіраман А.А. | 25 |
| 6 | «Шұғыла» ересек топ | Қожамқұл Қ.Ә. | 25 |
| 7 | «Күншуақ» мад тобы | Сатимова М.Б. | 25 |
| | Барлығы-7 топ. | 7 | 165 |

**Тыңдалды: Жетінші мәселе бойынша балабақша** әдіскері педагогтарды аттестаттау комиссия құрамын сайлау бойынша ҚР Оқу-ағарту министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығымен бекітілген, ҚР Оқу ағарту министрінің 2024 жылғы 2 сәуірдегі №72 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы №72 бұйрығының 1және 2- қосымшасы бойынша «**Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары» таныстырып өтті.** Педагогтарға алдағы оқу жылында Шардара ауданын білім бөлімінің яғни уәкілетті оргон бекіткен аудандың байқау кезеңдеріне, бақша ішілік байқауларға жарыстарға белсене қатысып жүлделі орын алып, тәрбиеленушілерді шыңдау мақсатында өз біліктіліктеріңізді көртеру мақсатында қатысып, бақша абыройын асқақтату осы жылғы мақсатымыз болсын деп сөзін аяқтады.

**Сөйледі:** Балабақша меңгерушісі Айнур Алихановна **Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары»**-на толықтырулар айтты.

2024-2025 оқу жылына аттестаттау комиссиясының құрамын сайлап бекіту керектігін айтты. Педагог қызметкер мен оларға теңестірілген тұлғаларды санатқа аттестаттаудан өткізу үшін білім беру ұйымдарында аттестаттау комиссиялары құрылады.

Аттестаттау комиссиясының құрамына аттестаттау комиссиясының төрағасы, төраға орынбасары, аттестаттау комиссиясының хатшысы және мүшелері енгізіледі. Аттестаттау комиссиясына неғұрлым тәжірибелі педагог қызметкерлері кіреді. Аттестаттау комиссиясының мүшелері тақ саннан тұрады. Сол себепті біз биылғы оқу жылына бестен кем тұрмайтын аттестаттау комиссиясын сайлауымыз керек. Енді осы сұрақ бойынша пікірлеріңізді ортаға салсаңыздар.

1.Сөйледі:Қожамқұл Қасиет Әліқызы.

«**Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары**»мен таныстырып өткеніндей санаты бар педагогтар яғни біліктілігі бар бүгінгі педагогтарымызды мүшелері етіп сайласақ деп сөзін айтты.

**1.Сөйлеген: меңгеруші Кокишева Айнур Алихановна**

Аттестаттау комиссиясының төрайымы ретінде білім беру ұйымының басшысы сайланады. Сондықтан аттестаттау комиссиясының төрайымы болып, мүшелері ретінде жоғары, бірінші санатты тәжірибелі тәрбиешілер сайлауды ұсынамын деп сөзін аяқтады.

Және комиссия құрамына басқада бақшалармен келісе отырып санаты бар педагогтар мүшелері бола алады деп, төмендегідей педагогтарды ұсынды:

I.Аттестаттау комиссиясының құрамы мынандай құрамда құрылсын және бекітілсін:

**Аттестаттау комиссиясының төрайымы:** бақша меңгерушісі: Кокишева Айнур Алихановна.

**Аттестаттау комиссиясының хатшысы:** бақша психологы Сарманова Алия Пердебаевна

**Комиссия мүшелері:**

1. ЖШС «Алтын білім» бөбекжай бақшасының әдіскері: Таласова М.А.педагог-модератор.
2. ЖШС «Алтын білім» бөбекжай бақшасының тәрбиешісі: Алиева Асель Абдиахаповна, педагог-сарапшы.
3. ЖШС «Алтын білім» бөбекжай бақшасының тәрбиешісі: Рисмухамедова Гулжамал Тангировна педагог-сарапшы.
4. ЖШС «Алтын білім» бөбекжай бақшасының тәрбиеші Куатова Гулмира Нуралиевна, педагог-модератор.
5. ЖШС «Алтын білім» бөбекжай бақшасының тәрбиешісі Сатимова Мавлуда Бахтиеровна , педагог-модератор:

Барлық педагог бұл ұсынысқа толықтай келісті.

**Шешімі:**

1. Сарманова А. педагогикалық кеңестің хатшысы болып сайлансын.

2.Жазғы сауықтыру жұмысының қорытындысын қанағаттанарлық деп есептелсін.

3.Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2024-2025 жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы. Әдістемелік нұсқаулық хатымен тағы да түсіндірме жұмыстары жүргізілсін.

4.2024-2025 оқу жылына арналған бөбекжай-бақшасының жылдық жоспары бекітілсін. Күн тәртібі, ҰІӘ кестесі бекітілсін.

5.2024-2025 оқу жылдарындағы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөніндегі жоспармен бекітілсін.

6.Тәрбиешілер шығармашылық тақырыптарына сай, ізденіп, материалдар жинақтауды жалғастырсын.

7.Топтарға жауапты тәрбиешілер бекітілді.

Ересек топтың тәрбиешілері :Қожамқұл Қасиет, Әбдіраман Айгерім.

Ортаңғы топтың тәрбиешілері : Рисмухамедова Гулжамал, Ауелханова Ж.

Кіші тобының тәрбиешілері : Қуатова Гүлмира, Алиева Асель.

8.Аттестаттау комиссиясының төрайымы балабақша меңгерушісі: Кокишева А.

Мүшелері: әдіскер Таласова М, Алиева А, Рисмухамедова Г.Т, Куатова Г.Н, Сатимова М.Б бекітілсін.

Комиссия құрамы аттестаттау комиссиясының жоспарына сәйкес жұмыстарды атқарсын.

**Пед.кеңес төрайымы:** **Кокишева А.А.**

**Хатшы:** **Сарманова А.П.**

# ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС
## Хаттама №2

Өткізілген мерзімі: 08.10.2024ж
Барлық педагогтар саны:10

**Меңгеруші:Кокишева Айнұр Алихановна**
**Әдіскер:Таласова Майра Анатолийқызы**
**Психолог:Сарманова Алия Пердебаевна**
**Тәрбиеші:Әбдіраман Айгерім Әбитқызы**
**Тәрбиеші:Қожамқұл Қасиет Әліқызы**
**Тәрбиеші:Ауелханова Жанар Меделханқызы**
**Тәрбиеші:Алиева Асель Абдиахаповна**
**Тәрбиеші:Куатовна Гулмира Нуралиевна**
**Тәрбиеші: Рисмухамедова Гулжамал Тангировна**
**Тәрбиеші: Сатимова Мавлуда Бахтиеровна**

**Тақырыбы:**Балабақшада салауатты өмір салтын қалыптастыру.
**Мақсаты:**Балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1.№1 педкеңестің шешімдерінің орындалуы
Баяндама : «Вариативтік білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру»
2.Балалардың тәрбие мен білім алу дағдыларының қалыптасуының мониторингісі.
3. Таңғы жаттығуларды бақылау, барлық топтар.

**1.ТЫҢДАЛДЫ:**
**Бірінші мәселе бойынша,** балабақша меңгерушісі: Кокишева А.А №1 Педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы жөнінде айтты. Балабақша 2024-2025 оқу жылына арналған тәрбиелеу мен оқыту жұмысының жоспарына сәйкес жұмыс жасап жатқанын айтты. Балалардың даму құзыреттілігін анықтайтын мониторинг жұмысының бастапқысы қыркүйек айында алынды. 2024-2025 оқу жылдарындағы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөніндегі жоспармен жұмыс жүргізіліп жатқаны айтылды. Жылдық жоспар, күн тәртібі, ұйымдастырылған іс-әрекеттер бекітіліп жоспарға сай жұмыстар атқарылуда. Әр аптаның апталық жұмыстары фейзбук сайтына жарияланып отыруын ескертілді.

**Тыңдалды: Баяндама.«Вариативтік білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру»**

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнының сапасын арттыру

мақсатында негізінде Үлгілік оқу жоспары, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы әзірленген, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандарты жаңартылды және бекітілді. Үлгілік оқу жоспары – стандарттың негізінде жасалған мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру процесін қамтамасыз ететін мемлекеттік нормативтік құжат. Үлгілік оқу жоспарының мазмұнында мектепке дейінгі ұйымдарда ведомстволық бағыныстылығына, меншік нысанына, типтері мен түрлеріне қарамастан ұйымдастырылған оқу қызметінің сағаттар саны көрсетілген инварианттық (міндетті бөлім) және вариативтік бөлімдер берілген. Вариативтік білім беру – Қазақстандағы қазіргі білім беру жүйесін дамытудың негізгі ұстанымдары мен бағыттарының бірі. Жоспардың вариативтік бөлімі білім берудің вариативтілігін, мектепке дейінгі ұйым қызметінің басым бағытын көрсетеді, балалардың жеке ерекшеліктерін, қызығушылықтары мен бейімділіктерін ескере отырып, оларға арналған білім беру қызметінің саласын кеңейтуді қамтамасыз етеді. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының вариативтік компоненттері Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының: «Денсаулық», «Коммуникация», «Шығармашылық», «Таным», «Әлеумет» білім беру дағдылары бойынша жас кезеңдерін ескере отырып, педагогикалық процесті ұйымдастыруды қамтамасыз етеді. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспарының вариативтік бөлімін білім беру процесіне қатысушылар қалыптастырады. Мақсаты: мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтарына Үлгілік оқу жоспарының вариативтік бөлімін қолдануда көмек көрсету.

Міндеттері:

- тәрбиеленушілер мен олардың ата-аналарының қажеттіліктерін зерделеу;
- тақырыптық бағыт, ұйымдастырылған оқу қызметінің шеңберінде болатын тәрбиеленушілердің қызығушылықтары бойынша заттық-кеңістіктік ортаны қамтамасыз ету;
- оның даралығына сәйкес тәрбиеленушінің тұлғасын дамыту;
- белгілі білім беру ұйымының білім беру процесі жүзеге асырылатын аймақтық, демографиялық, климаттық жағдайларды ескеріп, білім беру процесін үйлестіру;
- балалардың қажеттіліктері мен ерекшеліктеріне сәйкес, кіріктірілген сабақ түрлері мен іс-әрекетке жағдай жасау;
- дарынды балалармен жұмысқа инновациялық технологиялар мен әдістерді қолдану. **Күтілетін нәтиже:**
- тәрбиеленушілер мен ата-аналардың қажеттіліктері нақтыланады;
- Үлгілік оқу жоспарының вариативтік бөлімін жүзеге асыру мәселері бойынша педагогтардың кәсіби құзіреттіліктерінің деңгейі артады;
- дарынды балаларды табу, тақырыптық бағыт, топтағы балалардың қызығушылықтары бойынша әдістемелік материал жұмыс жоспарының вариативті копоненттеріне сәйкес жүйеленеді;
- аймақтық, климаттық ерекшеліктерді ескеріп, білім беру процесін жүзеге асырылады;
- балалардың қажеттіліктері мен ерекшеліктеріне сәйкес, кіріктірілген сабақ түрлері мен іс-әрекетке жағдай жасалады деп қорытындылады.

**Тыңдалды:** Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Майра Таласова Балалардың тәрбие мен білім алу дағдылары бойынша бастапқы мониторинг

есебін берді.

Мониторинг түрлі жас топтарының Үлгілік бағдарламада айқындалған күтілетін нәтижелерге педагогтің қол жеткізу деңгейлерін және педагогтің баламен жеке жұмыс жүргізуде алдағы әрекетін анықтауға мүмкіндік береді.

Балалардың дамуына мониторинг жүргізуде педагог:

- Стандарт талаптарын;
- Үлгілік бағдарламаның мазмұнын;
- Бақылау парақтары мен Баланың жеке даму картасын толтыру тәртіптерін; - мектепке дейінгі педагогика мен психология әдістерін ескеру;
- мониторинг өткізу әдістерін (бақылау, ойын жағдаяттарын құру, ойын, әңгімелесу, сұрақтар мен жауаптар, бейнелеу әрекеті нәтижелерін зерттеу);
- мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын меңгеру деңгейін есептеу әдістерін; - ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеру қажет.

Педагогтар бастапқы мониторинг бойынша өз жұмыстарын жасап, мәлімет ауданға жіберілді. Қазіргі таңда балалардың жеке даму картасын толтырып, деңгейі төмен көрскіш балалар бойынша жұмыстар жүріп жатыр. Дегенменде бұл бастапқы мониторг екенін және кіші топтар болғандықтан бұл бастапқыда қанағаттанарлық деп санаймын деп сөзін аяқтады.



**3.ТЫҢДАЛДЫ:**

Тәрбиеші Куатова Г. «Мектепке дейінгі білім беру ұйымында денсаулық сақтау технологияларын қолдану және мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру» тақырыбында баяндама оқыды. Ол білім беру процесінде қолданылатын балалардың денсаулығына пайдасын тигізетін барлық технологиялар денсаулық сақтау білім беру технологиялары болып табылады. Бізде мектепке дейінгі ұйымның ерекшелігін ескере отырып, баланың эмоциялық күйіне, оның толыққанды дамуына және әрбір баланың мектепке дейінгі ұйымда денсаулық деңгейін арттыруға ықпал ететін денсаулық сақтау білім беру процесін ұйымдастыруға жағдай жасалғанын айтты. Балабақша жағдайында құрылған денсаулық сақтау ортасы баланың әлеуметте бейімделуін, балалардың қимыл белсенділігін қажетсінуін іске асыруды және қимыл

дағдыларын тиімді игеруді қамтамасыз етуге ықпал ететінін айтты.

**2.ТЫҢДАЛДЫ:**

•Балабақша әдіскері Таласова М. «біздің балаларымыздың денсаулығы неге байланысты?» деген сауалды ортаға салды. (таңертеңгілік жаттығулар, серуендеу, желдету, күн тәртібін сақтау, дене шынықтыру, қимылды ойындар, дене жаттығулары, музыка сабақтары, ұйқыдан кейінгі жаттығулар,белсенді демалыс).

Одан әрі «Денсаулық дегеніміз не?», «Денсаулық сақтау технологиялары дегеніміз не?» деген сауалдарды ортаға салып талқылады.

"Балабақшада баланың дені сау болу үшін не көмектеседі?" тақырыбында педагогтар өз тәжірибесімен бөлісетін болады. Біздің балабақшада күн сайын,

барлық жас топтарында денсаулықты нығайтуға көмектесетін және балалардың

дене бітімін жан-жақты дамытуды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін дене жаттығуларыныңбірнеше түрлері ұсынылады.

Сонымен қатар Әдістемелік нұсқаулықты негізге алып «Мектепке дейінгі ұйымдарда таңғы жаттығуларды бақылау. парағы» 1,2- қосымшалар арқылы бақылау жүргіліп толтырылып жатқандығын айтып өтті.

**ШЕШІМІ:**

1.№1 педагогикалық кеңестің шешімі орындалды деп есептелінсін.
2. «Вариативтік білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру» 2024-2025 әдістемелік нұсқаулықты негізге алып қосымша жұмыстар жүргізілсін.
3. Жеке даму карталары толтырылып, баламен жеке жұмыс жасау барысы қадағалансын.
3.Мектепке дейінгі білім беру ұйымында денсаулық сақтау технологияларын қолдану және мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру дағдысы өз жалғасын тапсын.

**Педагогикалық кеңес төрайымы:** **Кокишева А.А**

**Хатшы:** **Сарманова А.П.**

**Педагогикалық кеңестің**
**№ 3 хаттамасы**

15.12.2024ж
Қатысқандар-10
Қатыспағаны -0

**Меңгеруші:Кокишева Айнұр Алихановна**
**Әдіскер:Таласова Майра Анатолийқызы**
**Психолог:Сарманова Алия Пердебаевна**
**Тәрбиеші:Әбдіраман Айгерім Әбитқызы**
**Тәрбиеші:Қожамқұл Қасиет Әліқызы**
**Тәрбиеші:Ауелханова Жанар Меделханқызы**
**Тәрбиеші:Алиева Асель Абдиахаповна**
**Тәрбиеші:Қуатовна Гулмира Нуралиевна**
**Тәрбиеші: Рисмухамедова Гулжамал Тангировна**
**Тәрбиеші: Сатимова Мавлуда Бахтиеровна**

:

**Тақырыбы: «Бақшамен ата-аналар арасындағы ынтымақтастық»**

**Күн тәртібінде**

1. № 2 пед.кеңес шешімінің орындалуының есебі.
2. Бірінші жарты жылдықтағы топтардың ұйымдастырылған іс-әрекет бақылау парағыны нәтижесінің қорытындысы.
3. Балалардың дене шынықтыруда ұлттық ойындарды игеру деңгейі, ортаңғы топ.

4.Әртүрлі мәселелер.
Мектепке дейінгі ұйымдарда мерекелік шараларды ұйымдастыруды бақылау.

**Тыңдалды** : Бақша меңгерушісі Айнур Алихановна бақша ұжымын «Жаңа жыл-2025» мерекесімен құттықтап, шығармашылық табыстар тіледі.
№ 2 пед.кеңес шешімі бойынша жұмыстар жүргізілді. Айтып өтсек вариативтілік, кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекет өткізілді. Балалардың жеке даму карталары толтырылып, серуен, таңғы жаттығулар бақылау парақтары толтырылып, жалғасын табуда.
Екінші мәселе бойынша меңгеруші тоқталып өтті. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекет жоғары деңгейде өткізілді, педагогтар бақылау парағын толтырып, өздерінің келесі іс-әрекетке ұсынған ұсыныстарын ескеріп, алдағы уақытта өтетін ашық іс-әрекеттерде міндетті түрде қолға алынып, жұмыстар жүру

керектігін айтты.

**Сөйледі:** Әдіскер: Таласова Майра Анатолийқызы Бірінші жарты жылдықтағы топтардың ұйымдастырылған іс-әрекет бақылау парағыны нәтижесінің қорытындалары әдістемелік нұсқаулық хаттағы 3 қосымша бойынша және бағалау өлшемшарттарының 16- қосымшасы «Мектепке дейінгі ұйымның білім беру процесін бақылау» парағы бойынша толтырылғанын айтты. Әрбір педагогтың өткізген іс-әрекеттері бағалануы керек. Қорыта айтқанда бағалау қорытындысы 80-92 бағалау балы бойынша жаман нәтиже көрсетпеді деп сөзін қорытындылады.

**Тыңдалды: Үшінші сұрақ бойынша ортаңғы топ тәрбиешісі Абдіраман Айгерім Әбитқызы өз баяндамасын оқыды.**

«Ұлттық ойындар арқылы мектеп жасына дейінгі балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу» тақырыбында эксперименттік алаң жұмысы үш жыл бойына балабақшаның тәжірибесіне енгізіліп, оң нәтижесін көрсетті. Эксперименттік алаң барысында балалардың денсаулығы мен жан саулығын нығайтуда оқу қызметінің вариативтік компонентіне, серуен кезінде, сергіту сәттерінде ұлттық ойындарды балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып қолданумен бірге, «Қазақша күрес», асық ойындарынан үйірме арқылы жүзеге асырып отырдық. «Ұлттық ойындар арқылы мектеп жасына дейінгі балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу» бойынша эксперименттік жұмыста балалардың іскерліктері мен дағдыларының даму деңгейлерін бақылау критерилері арқылы анықталып отырды. Орта және ересек топтарға арналған бақылау критерилері көрсетілді. Балалардың ұлттық ойындарды меңгеруі, ойнау қабілеті, қимыл белсенділіктері төмен, орта жоғары деңгейде қарастырылды.

Ұлттық ойындарды тәрбие мен оқыту процесінде қолдану нәтижесінде:

- Балалардың көңіл-күйі көтеріледі;
- денесі қимылдап, бойы сергиді, миы тынығады;
- қимыл белсенділіктері артады;
- қарым-қатынас жасау мәдениеті қалыптасады;
- ептілік, шыдамдылық, икемділік, мергендік т.б. қасиеттері қалыптасады;
- қабылдау, есте сақтау, ойлау, қиял т.б. танымдық қабілеттері дамиды, қол, саусақ бұлшық еттері жетіледі;
- Ұлттық ойын арқылы ұлттық құндылықтарды бойына сіңіреді;
- көпшілік ортада өз өнерін көрсетуді, насихаттауды үйренеді;
- ұйымшылдыққа үйренеді;
- ата-аналар да ұлттық ойындардың бала денсаулығын нығайтудағы маңызымен танысады;
- педагогтер, ата-аналар ұлттық ойындардың шығу тарихын зерттей отырып, бала денсаулығын сақтауда қолдану тәсілдерін меңгереді. Ойын баланың денесін, тұлғасын жетілдіріп, дамытып, қоймай, ақылойын, ұлттық рухын, сана-сезімін, намысында қалыптастыратын тәрбие құралы. Ойын ойнамаған бала әлжуаз, қорқақ, өз күшіне сенімсіз, бос кеуде, қиыншылыққа мойығыш болып өседі. Сондықтан ұлттық ойындарды салауатты өмір салтын қалыптастыруда баланың денсаулығы мен психологиялық саулығын жетілдірудің негізгі құралы ретінде қарастыру көзделді.

Осы тұста айта кетейін «Айгөлек» және «Шұғыла» ортаңғы топтары бірлесе отырып, тәжірибе алмасып бөлісті. Ұлттық ойындарымызды дәріптеу мақсатында

жаңа әдіс-тәсілдермен ерекшелендіріп ойындар ұйымдастырылды. Қысқы ауа райына қарамастан далада таза ауада, ойын бөлмесінде балалар жалықпайтындай ұлттық ойындарымыз оқу қызметінде және күн сайынғы іс-әрекетте жүргізіліп отырды.

«Шұғыла» тобының тәрбиешісі Қожамқұл Қасиет Әліқызы тәжірибелі педагог ретінде жас маман маған ұдайы қолдау көрсетіп, бірге жұмыстар жасап, жүйелі жоспарлар құрып, өз тәжірибесімен бқлісті.

Осы жүйелі ұйымдастырудың арқасында топтар қарым-қатынасы орнады, балалар шапшаң, жылдам, логикалық ойлай қабілеттері артып, шыңдала түсті деп сөзін қорытындылады.

**Төртінші мәселе бойынша балабақша әдіскері** «Жаңа жыл мерекесін ұйымдастыру нұсқаулығы» бойынша түсіндіріп өтті. Бастысы нұсқаулықта көрсеткендей кез келген мерекелік іс-шара жас ерекшелігін ескеріліп өткізілуі керек. Сонымен қатар басты бірінші қағида балалардың қауіпсіздігі жайлы айтып өтті. Олардың мерекелік шараға сай киінуі де сонымен қатар балаларға жағымды көңіл-күй сыйлау үшін балабақша әкімшілігі өз сыйлықтарында беретінін айтып өтті. Ата-аналар мерекелік іс-шараға қатысатынын айтып, өз ойларын ортаға салып балаларға өз базарлықтары бар екендерінде айтып жатыр-деп сөзін қорытындылады.

**ШЕШІМІ:**

1.№2 педагогикалық кеңестің шешімі орындалды деп есептелінсін.
2.Бірінші жарты жылдықтағы топтардың ұйымдастырылған іс-әрекет бақылау парағыны нәтижесі қанағаттанарлық деп танылсын.
3. Балалардың дене шынықтыруда ұлттық ойындарды игеру деңгейі кіші топтарда қолға алынсын.
**4.** «Жаңа жыл-2025!» мерекелік іс-шара жоспары бекітілсін. Қауіпсіздік шаралары сақталсын.

**Педагогикалық кеңес төрайымы:** **Кокишева А.А**

**Хатшы:** **Сарманова А.П.**

**Педагогикалық кеңестің**
**№ 4 хаттамасы**

05.03.2024ж
Қатысқандар-10
Қатыспағаны -0

**Меңгеруші:Кокишева Айнұр Алихановна**
**Әдіскер:Таласова Майра Анатолийқызы**
**Психолог:Сарманова Алия Пердебаевна**
**Тәрбиеші:Әбдіраман Айгерім Әбитқызы**
**Тәрбиеші:Қожамқұл Қасиет Әліқызы**
**Тәрбиеші:Ауелханова Жанар Меделханқызы**
**Тәрбиеші:Алиева Асель Абдиахаповна**
**Тәрбиеші:Қуатовна Гулмира Нуралиевна**
**Тәрбиеші: Рисмухамедова Гулжамал Тангировна**
**Тәрбиеші: Сатимова Мавлуда Бахтиеровна**

**Күн тәртібінде:**

1.№ 3 пед.кеңес шешімінің орындалуының есебі.
2.Серуенді іске асыру және ұйымдастыру бойынша бақылау парақтары нәтижесі (ересек, мектепалды топ).
3. «Аналар мектебі», «Әкелер мектебі» бойынша жұмыстарын ұйымдастырудың нәтижесі.
4. Әртүрлі мәселелер.

**Тыңдалды** : Бақша меңгерушісі Айнур Алихановна бақша ұжымын «8-Наурыз Халықаралық аналар күні!» мерекесімен құттықтап, толғай табыстар, шығармашылық шабыт тіледі.
№3 пед.кеңес шешімі бойынша жұмыстар жүргізілді. Айтып өтсек жаға жыл мерекесін жоғары деңгейде, ата-аналармен қарым-қатынас орнатып бірлесе атсалысып жақсы өткіздік. Сонымен қатар «Біртұтас бағдарламасы» жоспарының жұмыстары соның ішінде ұлттық ойындарды кіші топтарда қолға алып қткізі жұмыстары қарқынды жүрді. Осы орайда кіші топ тәрбиешілері жақсы жұмыс жасады. Балалардың дене белсінділігін арттыруда ұлттық ойындарымыздың пайдасы орасан зор. Ұлттық ойындарымыз арқылы балалар шымыр, алғыр, белсенді. Дене қимыл-қозғалыс жаттығулары ұлттық ойындарамыз арқылы өткізілді.Оны кіші топ балдарына үйретуде үлкен жұмыс деп сөзін аяқтады.
Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша әдіскер Майра Таласова тоқталып өтті. Серуенді іске асыру және ұйымдастыру бойынша бақылау парақтары нәтижесі бойынша ересек, мектепалды топтарында жақсы деген нәтиже көрсетті. Педагогтар серуеннің кейбір құрылымдық элементтерін сақтай отырып, балалар үшін қызықты ұйымдастырылған іс-әрекеттер өткізді. Бақылау парағы әдістемелік нұсқаулық хатты негізге ала отырып «Мектепке дейінгі ұйымдарда серуенді бақылау парағының 2- қосымша бойынша толтырылып ұсыныстар

айтылып, тәжірибелер алмасу арқылы жұмыстар жүргізіліп отыр.

**Тыңдалды: Үшінші сұрақ бойынша балабақша меңгерушісі** Айнур Алихановна «Аналар мектебі», «Әкелер мектебі» ұйымдастырудағы мақсатымыз ұлттық салт-дәстүрлер негізінде өскелең ұрпақты тәрбиелеу. «Аналар мектебі» қоғамдық-отбасылық өзара ықпалдастықтың жаңа нысандарын дамыту, МДҰ-ның әлеуметтік мәртебесі мен рөлін арттыру мақсатында құрылады.

«Әжелер мектебі» мен «Аналар мектебінің» негізгі міндеттері:

- отбасына баланы тәрбиелеу мәселелері бойынша көмек көрсету;
- ата-аналардың (заңды өкілдердің) педагогикалық білімдерін кеңейту;
- отбасылық тәрбиенің озық тәжірибесін насихаттау;
- барлық отбасы мүшелерін МДҰ-ның қызметіне белсенді қатысуға және мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуге тарту;
- педагогикалық тәжірибе алмасу, ұлттық салт-дәстүрлер негізінде өскелең ұрпақты тәрбиелеу;
- отбасында және МДҰ-да тәрбиелеу әдістері мен тәсілдерінің біріздiлігін қамтамасыз ету, ұрпақтар сабақтастығын сақтау және нығайту;
- аға буынға құрмет көрсетуге тәрбиелеу.

Осы мақсатта құрылған іс-шаралардың барлығы өткізілді.

Сөйледі: балабақша әдіскері Майра Таласова қыркүйек айында «Бала тәрбиесіндегі аға буынның рөлі», Қараша айында «Ұлттық ойындар» ата-аналарды тарту мақсатында ұйымдастрылған іс-әрекетті жопар құрып тәрбиешімен бірге өткізді. Наурыз айында «Ұл мен қыз» тәрбиесі аясында дөңгелек үстел өткізілді. Сәуір айында «Баланың ұстазы....?» кім тақырыбында ата-аналармен қызықты пікірталас өткізілді. Мамыр айында «Анам және мен біркүндік өмірім» атты челлендж бақша бойынша ұйымдастырылып жоғары деңгейде ата-аналар атсалысып, видеолар бақша парақшасында жарияланды. Осындай жұмыстар жасалып, ата-аналар жақсы атсалысып жоспардағы жұмыстаржоғары деңгейде өткізіліп отырды. Бұлда бір біз үшін үлкен нәтиже деп сөзін қорытындылады.

**Төртінші мәселе бойынша балабақша әдіскері** «22- Наурыз Ұлыстың ұлы күні!» мерекелік іс-шараны ұйымдастыру нұсқаулығы бойынша түсіндіріп өтті. Бастысы нұсқаулықта көрсеткендей кез келген мерекелік іс-шара жас ерекшелігін ескеріліп өткізілуі керек. Сонымен қатар басты бірінші қағида балалардың қауіпсіздігі жайлы айтып өтті. Олардың мерекелік шараға сай киінуі де сонымен қатар балаларға жағымды көңіл-күй сыйлау үшін балабақша әкімшілігі өз сыйлықтарында беретінін айтып өтті. Ата-аналар мерекелік іс-шараға қатысатынын айтып, өз ойларын ортаға салып балаларға өз базарлықтары бар екендерінде айтып жатыр-деп сөзін қорытындылады.

**ШЕШІМІ:**

1.№3 педагогикалық кеңестің шешімі орындалды деп есептелінсін.
2.Серуенді іске асыру және ұйымдастыру бойынша бақылау парақтары бойынша жұмыстар жалғастырылсын.
**4.** «22- Наурыз Ұлыстың ұлы күні! » мерекелік іс-шара жоспары бекітілсін. Қауіпсіздік шаралары сақталсын.

**Педагогикалық кеңес төрайымы:** **Кокишева А.А**

**Хатшы:** **Сарманова А.П.**

**Педагогикалық кеңестің**
**№ 5 хаттамасы**

31.05.2024ж
Қатысқандар-10
Қатыспағаны -0

**Меңгеруші:Кокишева Айнұр Алихановна**
**Әдіскер:Таласова Майра Анатолийқызы**
**Психолог:Сарманова Алия Пердебаевна**
**Тәрбиеші:Әбдіраман Айгерім Әбитқызы**
**Тәрбиеші:Қожамқұл Қасиет Әліқызы**
**Тәрбиеші:Ауелханова Жанар Меделханқызы**
**Тәрбиеші:Алиева Асель Абдиахаповна**
**Тәрбиеші:Қуатовна Гулмира Нуралиевна**
**Тәрбиеші: Рисмухамедова Гулжамал Тангировна**
**Тәрбиеші: Сатимова Мавлуда Бахтиеровна**

**Күн тәртібінде:**

1.2024-2025 оқу жылының қорытындысы.
2.Балалардың еркін түрде шығармашылық іс-әрекетін дамыту, эстетикалық талғамын шыңдай деңгейі. (Баяндама)
3. Қорытынды ұйымдастырылған іс-әрекеттердің нәтижесі,
4.Жазғы сауықтыру шараларының жоспарын бекіту.
5.Қорытынды балалардың тәрбие мен білім алу дағдыларының қалыптасуының мониторингі.
6. «Баланың мектепке дайындығы» тренинг қорытындысы.

**Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша балабақша** меңгерушісі Айнур Алихановна сөз алды. 2024-2025 оқу жылында «Алтын білім» бөбекжай балабақшасы тәрбиелеу мен білім беру қызметін: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына»; «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына»; «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына» сәйкес жүзеге асырды.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы мектеп жасына дейінгі балаларды Ұлттық құндылықтармен рухани адамгершілік тәрбие үдерісін дұрыс ұйымдастыру және дамыған жеке тұлға тәрбиелеу мақсатында жоспарға сай топтарда «Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі» , «Аналар мектебі» жұмыс жүргізілді.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында әр айда жопарланған іс-шаралар өз деңгейінде жоғары өтті. Атап айтқанада балаларды шымыр, ептілікке, шапшаңдылықпен өз денсаулықтарына ұқыпты болу мақсатында «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы», «Теңге алу», «Асық»,

«Бестемше» , «Орамал тастамақ» тақырып аясында ұлттық ойындар өткізді. Балаларды отанын сүйюге, қомқор болуға, мейірімді болуға, табиғатты қорғау дағдыларын қалыптастыру мақсатында «Алғыс айту-парызым!», «Біз –жас экологпыз!», «Берекелі алтын күз» көрмесі, жәрмеңкесі өткізілді.

Балабақшада «Аналар мектебі» құрылып 2024-2025 оқу жылында бекітілiген жоспардағы жұмыстар өз деңгейінде өтті. «Бала тәрбиесіндегі аға буынның рөлі», «Ұлттық ойындар», «Баланың ұстазы..?», «Анам және мен біркүндік өмірім! Атты челленждер ұйымдастырылып шығармашылыққа толы іс-шаралар өткізілді. Балабақшада жылдық жоспарға сәйкес 5 педагогикалық кеңес, 4-меңгеруші кеңес, 3 әкімшілік жанындағы кеңес, 2 өндірістік кеңес, 2 жалпы ата-аналар жиналысы, ата-аналарға арналған консультация, мерекелер мен ойын-сауықтар, көрмелер мен байқаулар, ашық есік күндері,өтілді.

Балабақша біршама байқауларға қатысты:

Аудандық:

«Аттандық бала шақтан-болашаққа!» байқауында

I- орын 2024ж дипломдармен марапатталды.

«Педагогикалық идеялар фестивалі» байқауынан 2-орын 2024ж дипломмен марапатталды.

«Мен зерттеушімін» аудандық байқауында 3 орын дипломмен марапталды.

Сонымен қатар уәкілетті орын бекіткен басқада онлайн жарыстарға тәрбиешілер мен тәрбиеленушілер қатысып жүлделі орындармен марапатталды. Осының барлыға да ұжымның бірлігінде, педагогтарының ізденіс үстінде үздіксіз болуларында деп сөзін аяқтады.

**Тыңдалды:** Балалардың еркін түрде шығармашылық іс-әрекетін дамыту, эстетикалық талғамын шыңдай деңгейі. (Баяндама)

**Тәрбиеші:** Ауелханова Жанар Меделханқызы

Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту- күрделі және ұзақ процесс, мұнда балалар алғашқы көркем әсерді сезінеді, өнерге араласады, көркем іс-әрекеттің әртүрін меңгереді. Балалардың шығармашылығын дамытудың маңызды факторларының бірі – олардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға ықпал ететін жағдай жасау болып табылады.

Балалар шығармашылығы бала дамуының, атап айтқанда оның көркем қабілеттерінің маңызды факторы қызметін атқаратын еліктеуге негізделген. Шығармашылық әрекет дегеніміз - нәтижесінде әлем туралы жаңа білім алуды немесе шындықты бейнелейтін жаңа қарым-қатынас жөнінде қандай да бір жаңа өнім алуды білдіреді. Шығармашылық әрекеттің нәтижесі баланың тәжірибесіндегі бұрын игерген әсерлері мен әрекеттерді жаңғырту емес, жаңа бейнелер немесе әрекеттер құру.

Әрекеттің бұл түрі шығармашылық қабілеттерге негізделеді. Шығармашылық қабілет – бұл түрлі шығармашылық әрекеттің жемісті орындалуын айқындайтын адамның жеке епекше өзіне тән қасиеттері. Шығармашылық элементі адам қызметінің кез келген түрінде, тек көркем шығармашылық қабілетінде ғана емес, сондай-ақ техникалық шығармашылық,

математикалық шығармашылық қабілеттерінде де көрінуі мүмкін. Мектеп жасына дейінгі баланың шығармашыл тұлғасын дамытудың негізі педагогикалық жұмыс болып табылады. Бүгінгі күні балалар шығармашылығын дамыту өзекті мәселелердің бірі. Мектепке дейінгі жас тек бейнелі ойлауды ғана емес, сонымен қатар шығармашылық әрекеттің негізін құрайтын қиялды, психикалық процестерді дамытуға қолайлы кезең. **Әдістемелік ұсынымның мақсаты:** мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруда педагогтарға әдістемелік қолдау көрсету, олардың кәсіби шеберліктерін арттыру.

Міндеттері:

-мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал ететін факторларды анықтау;

- мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиелеу-оқыту процесі барысында мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру.

Күтілетін нәтижелер:

- мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру процесін мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру арқылы жетілдіру;

-мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруда педагогтардың кәсибі шеберлігін арттыру.

Сонымен дұрыс ұйымдастырылған тәрбиелеу-оқыту процесі балалардың қоршаған ортада оларды оң, жағымды қатынасқа баулыған, оларды толғандырған заттар мен құбылыстарды бейнелеуге, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

**Сөйледі:Екінші мәселе бойынша** Әдіскер: Таласова Майра Анатолийқызы қорытынды ұйымдастырылған іс-әрекет бақылау парағыны нәтижесінің қорытындалары әдістемелік нұсқаулық хаттағы 3 қосымша бойынша және бағалау өлшемшарттарының 16- қосымшасы «Мектепке дейінгі ұйымның білім беру процесін бақылау» парағы бойынша толтырылғанын айтты. Әрбір педагогтың өткізген іс-әрекеттері бағалануы керек. Қорыта айтқанда бағалау қорытындысы 89-96 бағалау балы бойынша өте жақсы нәтиже көрсетті деп айтты.

**ТЫҢДАЛДЫ:** Жазғы сауықтыру жұмысының жоспарымен таныстыру, бекіту.

Балабақша меігерушісі Айнур Алихановна жазғы-сауықтыру кезеңіне дайындық жоспары құрылды, ауланы көгалдандыру (жас көшеттер, гүл бақша отырғызу, құмды ауыстыру, көлеңкелі бастырманы және жер телімдегі кішігірім жөндеу жұмыстары, оларды сырлау, ағаштар мен бұтақтарды кесу ) бойынша ұжымның іс-әрекеті басталып, дайындық жұмыстары жүргізілуде. Тәрбиешілер өз тобындағы балалардың белсенді қимылдарын жоспарлап, күн тәртібіне сәйкес жұмыстарды ұйымдастырып, ата-аналарға арналған кеңестер әзірлейді, балалармен жұмыс жасау үшін материалдар, көрнекіліктер таңдайды, ал тәрбиешінің көмекшісі тәрбиешімен бірге жаз мезгіліндегі іс-шараларды тиімді ұйымдастырып, өткізу үшін көмектеседі, ауыз сумен қамтамасыз етеді, шынықтыруға, ауланы тазалауға, ойыншықтарды жууға арналған құрал-жабдықтарды даярлайды. Жазғы-сауықтыру мезгіліндегі міндеттерді және балалардың таза ауада

болуын ескере отырып өз іс-әрекеттерін жоспарлайды. Жаз мезгіліне арналған түрлі музыкалық шығармаларды жинақтайды. Тәрбиешілер белсенді қимылдарды қамтамасыз ету жұмысын, спорттық ойындарға қатыстыруды жоспарлайды.

Сөйледі: Жазғы сауықтыру шаралары бойынша Әдістемелік ұсынымдар ҚР ОАМ Балаларды ерте дамыту институтының Ғылыми-әдістемелік кеңесінің (2024 жылғы 23 сәуірдегі №3 хаттамалық шешімімен ұсынылған).нұсқаулықты басшылыққа ала отырып жұмыс жоспары, перспективалық жоспарлар құрылатынын айтты.

Мектепке дейінгі ұйымның жазғы сауықтыру кезеңдегі жұмысының негізгі мақсаты - сауықтыру жұмысын ұйымдастыру және балалардың танымдық қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін неғұрлым тиімді жағдайлар жасау. Жаз мезгілінде таза ауада болу баланың ағзасын нығайтады және шынықтырады, оның жан-жақты дамуына оң әсер етеді. Дәл осы кезең мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайту үшін пайдаланылады. Мектепке дейінгі ұйымда жазғы сауықтыру жұмысын дұрыс ұйымдастыру балалардың физикалық және психикалық денсаулығын нығайтуға, олардың танымдық қызығушылықтарын дамытуға, сондай-ақ ата аналарға (заңды өкілдерге) шынықтыру және сауықтыру мәселелері бойынша қажетті әдістемелік көмек ұсынуға мүмкіндіктер береді. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінің міндеттері дені сау, білуге құмар, көпшіл, сын тұрғысынан ойлайтын балаларды қалыптастыру мен әлеуметтендіруді және қазіргі педагогикалық әдістерді ұлттық ерекшеліктермен үйлесімді ұштастыру негізінде баланы ерте дамыту процесінің тұтастығын қамтамасыз етуді қарастырады. Сонымен қатар, рухани - адамгершілік құндылықтар негізінде, ұлттық мәдениет пен отбасылық дәстүрлер арқылы баланың жеке қасиеттерін қалыптастыру жалғасады. Бұл міндет ойын, денсаулық сақтау, жеке тұлғаға бағытталған және басқа да тиімді технологиялар мен әдістер арқылы жүзеге асырылады.

Жаз мезгілінде балаларды сауықтыру жүйесіне баса назар аударылады, ол мыналарды қамтиды:

-балалармен дене шынықтыру-сауықтыру (таңертеңгі жаттығу, спорттық және қимылды ойындар, дене жаттығулары, дене шынықтыру мерекелері мен сауық кештер) жұмыстарын;

-пайдалы тамақтану (жемістер мен көкөністер, шырындар, дәрілік шөптерден жасалған шай және т. б.) рационын;

- бала ағзасын шынықтыру (күн сәулесі және ауа ванналары, шөптің үстінде жалаң аяқ жүру, шомылу және т. б.);

- балалар туризмі (жаяу, велосипедпен), экскурсиялар, табиғатта серуендеу және т.б.). - мерекелік шаралар;

-балаларды сауықтыру бойынша ата-аналармен (заңды өкілдермен) жүргізілетін ағарту жұмыстарын; профилактикалық іс-шараларды (сколиоз, жалпақ табан, көру қабілетінің бұзылуының алдын алуға

арналған арнайы жаттығулар кешені) қамтиды.

Жазғы сауықтыру кезеңінде ұйымдастырылатын тәрбиелеу-білім беру процесі Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес оқу жылы ішінде алған білім, біліктері мен дағдыларын бекітуді көздейді. Осыған байланысты тәрбиеленушілердің құзыретіліктерін, физикалық және жеке қасиеттерін дамыту мынадай біліктер мен дағдыларды бекіту арқылы жүзеге асырылады.

**Физикалық:**

- өз денсаулығына саналы түрде қарау, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;
- мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру;
- қимыл-қозғалыс тәжірибесін қалыптастыру және қимыл белсенділігіне қажеттілікті дамыту;
- әртүрлі ойындарды, оның ішінде ұлттық, қимылды, спорттық ойындарды, командамен жарыс сипатындағы спорттық ойындарды өткізу және оларға қатысу;
- спорттық жаттығуларды орындау.

**Коммуникативтік:**

- балалардың түрлі әрекеттерінде белсенді және пассивті сөздік қорды қолдану;
- өмірде әртүрлі жағдайларда қарым-қатынас жасау;
- балалар көркем әдебиетіне шығарманы бірге оқу мен айтып беру, талдау;
- дыбыстарды дұрыс айту; қызығушылық таныту,
- белсенді сөздік қорды байыту, тілдік нормаларды, қарым-қатынас 5 мәдениетін меңгерту.

**Танымдық және зияткерлік**:

- құрастыру іс-әрекеті;
- креативті және сыни ойлау;

**Шығармашылық, зерттеу:**

- шығармашылық қиял;
- эмоционалды-сезімдік сала;
- ойлау; - көркем-эстетикалық талғам;
- драмалық және театрландырылған ойындар.

**Әлеуметтік-эмоционалды**:

- қоғамдағы мінез-құлық және қатар өмір сүру;
- дербестікке тәрбиелеу; өмірдегі жағдайларды шешу;
- айналадағы адамдарға құрметпен қарау, өз отбасының мүшесі екенін сезіну, эмоционалды елгезектікті, жанашырлықты қалыптастыру;
- тәрбиеленушінің адамгершілік қасиеттерін көрсетуге, моральдық нормалардың талаптарына жауап беретін іс-әрекеттерге қабілеттілігі мен дайындығын дамыту;
- Отанның тарихы мен мәдениетіне құрметпен қарауды қалыптастыру;

- еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарау;
- заттар, жанды және жансыз табиғат құбылыстары жөнінде білімдерді кеңейту, креативтік ойлауды дамыту;
-еркін ойын кезінде балаларға пікірлерін айтуға мүмкіндік беру.

Осы нұсқаулықты басшылыққа ала отырып жұмыстар алдағы уақытта барлығы қаралып, жоспарлар бекітіліп жұмыстар жүргізілетінін айтып сөзін қорытындылады.

**Тыңдалды: Тәрбиешілер : Рисмухамедова Г., Қожамқұл Қ, Әбдіраман А.** Қорытынды балалардың тәрбие мен білім алу дағдыларының қалыптасуының мониторингі.

Қосымша 2

Мектепке дейінгі ұйым бойынша әдіскерінің жиынтығы
Әдіскерінің аты-жөні: Тазаева Майра Анатольевна

МДҰ атауы: "Алтын білім" бөбекжай балабақшасы
Елді-мекен: Шардара ауданы, Қызылқұм ауылы, О Молдағұлова
Оқыту тілі: Қазақ тілі

| Жас ерекшелік топтары | Балалар саны | Физикалық қасиеттері | | | Коммуникативтік | | | Танымдық және зияткерлік | | | Балалардың шығармашылық | | | Әлеуметтік-эмоционалды | | | БАРЛЫҒЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | олардың ішінде жоғары деңгей | олардың ішінде орташа деңгей | олардың ішінде төмен деңгей | олардың ішінде жоғары деңгей | олардың ішінде орташа деңгей | олардың ішінде төмен деңгей | олардың ішінде жоғары деңгей | олардың ішінде орташа деңгей | олардың ішінде төмен деңгей | олардың ішінде жоғары деңгей | олардың ішінде орташа деңгей | олардың ішінде төмен деңгей | олардың ішінде жоғары деңгей | олардың ішінде орташа деңгей | олардың ішінде төмен деңгей | олардың ішінде жоғары деңгей | % | олардың ішінде орташа деңгей | % | олардың ішінде төмен деңгей | % |
| "Қарлығаш" кіші топ | 20 | 15 | 3 | 2 | 14 | 4 | 2 | 16 | 3 | 1 | 16 | 1 | 3 | 15 | 2 | 3 | 14 | 76 | 3 | 13 | 2 | |
| "Балапан" кіші топ | 20 | 14 | 6 | 0 | 13 | 7 | 0 | 12 | 8 | 0 | 13 | 6 | 1 | 14 | 5 | 1 | 13 | 67 | 6 | 31 | 1 | |
| "Бал бөбек" ортаңғы топ | 25 | 21 | 3 | 1 | 22 | 3 | 0 | 22 | 2 | 1 | 22 | 3 | 0 | 23 | 2 | 0 | 22 | 88 | 3 | 10 | 0 | |
| "Балдырған" ортаңғы топ | 25 | 21 | 3 | 1 | 22 | 3 | 0 | 22 | 2 | 1 | 22 | 3 | 0 | 23 | 2 | 0 | 22 | 88 | 3 | 10 | 0 | |
| "Шұғыла" ересек топ | [illegible] | 23 | 2 | 0 | 22 | 3 | 0 | 22 | 3 | 0 | 22 | 3 | 0 | 20 | 3 | 0 | 22 | 87 | 3 | 13 | 0 | |
| "Айгөлек" ересек топ | [illegible] | 21 | 3 | 0 | 20 | 4 | 0 | 21 | 3 | 0 | 20 | 4 | 0 | 21 | 3 | 0 | 21 | 86 | 3 | 14 | 0 | |
| Барлығы | 139 | 115 | 20 | 4 | 113 | 24 | 2 | 115 | 21 | 3 | 115 | 20 | 4 | 116 | 19 | 4 | | | | | | |
| % | 100 | 83 | 14 | 3 | 81 | 17 | 2 | 83 | 15 | 2 | 83 | 14 | 3 | 84 | 13 | 3 | | | | | | |

Балабақша меңгерушісі: Косжанова А.А

Қорытынды мониторинг бойынша биылғы оқу жылында барлық топтың нәтижелері өте жақсы деңгейде.

**Тыңдалды:** әдіскер «Баланың мектепке дайындығы» тақырыбында ересек топтардан «Айгөлек» және «Шұғыла» топтарына психолог Сарманова Алия Пердебаевна тренинг өткізіді. Диагностикалық жұмыстар жүргізіліп, балдармен жеке-жеке өз жоспарына сай жұмыстар жүргізілді. Қорыта айтқанда биылғы мониторинг нәтижелері бойынша ересек топ тәрбиеленушілері мектепке дайын, көрсеткіштері қуантарлық нәтиже деп сөзін аяқтады.

## ШЕШІМІ:

1. ЖШС «Алтын білім» бөбекжай балабақшасының қорытынды есебі өте жақсы деп бағаланды.
**2.**Қорытынды балалардың тәрбие мен білім алу дағдыларының қорытындысы өте жақсы деп бағалансын.
3. Жазғы сауықтыру шаралары бойынша күн тәртібі, спорттық шаралар

және балабақша жаздық сауықтыру жоспары бекітілсін.

**Педагогикалық кеңес төрайымы:** **Кокишева А.А**

**Хатшы:** **Сарманова А.П.**